

**MATERIÁLY
XVIII MEZINÁRODNÍ VĚDECKO - PRAKTICKÁ
KONFERENCE**

**VĚDECKÝ PRŮMYSL EVROPSKÉHO
KONTINENTU - 2021**

22 - 30 listopadu 2021 r.

Volume 7

Praha
Publishing House «Education and Science»
2021

Акатаева Ш.Б.

ф.ғ.к., доцент,

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Гатауллина Зарина

1 курс студенті,

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

**а.алтайдың «сібір офицері» әңгімесінің поэтикалық
ерекшеліктер**

Жазушы А. Алтайдың «Сібір офицері» атты желтоқсан оқиғасының кейбір психологиялық қырларын арқау еткен әңгімесі 2004 жылы жазылды. Мұндай ұзақ уақыттық үзілістер желтоқсан оқиғасы тақырыбындағы шығармалардың сюжеттік һәм композициялық құрылысына өзгеше форма, айтарлықтай оқшау жаңалықтар әкелмесе де, көркемдік-эстетикалық ізденістерге баруға жеткілікті дәрежеде мүмкіндік жасады. Алайда, көркем әдебиеттегі, соның ішіндегі прозадағы желтоқсан тақырыбы қаншалықты дәрежеде жазылды және өзінің нақты көркемдік деңгейіне жете алмады ма деп, бәрібір қойылатын сұрақтарға қалайда жауап іздеуге тура келеді. Әйтсе де әдебиеттанудың қалыптасқан сұрағы тек бұл жерде ғана қойылмайды, өйткені көпшілік оқырман да осы түйткілдің нақты жауабын қанша іздейтіні шындық. Ал мәселені тікелей қойып, қолма-қол жауап бере қоюға негіз боларлық жүйелі ғылыми талдаулар (бұның ішінде әдеби, сыни да бар және іздегенде табылатын, бір ізге түсіп топтасқан нақты кітап түріндегі) әлі де жеткіліксіз болып отыр.

Ұлы Желтоқсан Кеңес Одағы құрамындағы басқа да бодан халықтардың оянуына бірден-бір себепкер болды дедік. Ол рас. Ғасырлар бойы “бұратана” атанған бодан халықтарға қарсы бүркеме жүргізіліп келген жымысқы саясаттың іріп-шіріген жамылғысын сыпырып алған Желтоқсан бұл! 1987 жылы Саха Республикасында, 1989 жылы Балтық елдерінде, Грузия, Әзірбайжанда болған сілкіністер мен қозғалыстардың басында осы киелі Желтоқсан тұрды [1].

Жоғарыдағы айтқанымыздай, жазушы А. Алтай «Сібір офицерінде» желтоқсан оқиғасын тарихи уақыттың ұзақтау мезгіліне жіберіп алғанымен, әрине бұл қаламгердің қателігі немесе жетістігі ретінде мүлде қарастырылмайды. Біз әңгімедегі тарихи уақыт пен сюжеттік уақыттың алашақтықтарын өзара жақындатқан көркемдік бірлікке – 1986 жылғы қанды оқиғаның және одан кейінгі Бураханнның «жеті күнін» жатқызсақ, «Сібір офицерінің» тақырыбы, мазмұны, негізгі идеясы, авторлық ұстаным сияқты т.б категориялардың мәні мен маңызы анықталады дейміз.

Жазушы әңгіменің мазмұнын баяндамас бұрын, әуелі екі абзац көлемінде (толық бес сөйлеммен) пролог іспетті кіріспе берген. Осы кіріспе сөз шығармадағы тарихи оқиғаның әлі аты аталмаған кейіпкерінің жеке өміріне аса жағымды із қалдырмағанын оқырманға бірден сездіреді. Бұдан он алты жыл бұрын «алыстағы Сібір орманында» Алматыдағы желтоқсан оқиғасымен қатысы бар қандай оқиға орын алуы мүмкін. Автор қысқа кіріспеде үсті-үстіне «ешкім күтпеген жай еді», «кейінгі саналы әрекет ол сұмдықтың қасында түк емес» [2] деп оқушысын болып кеткен оқиғаның мезгіліне ерекше интригамен әкеп кіргізіп жібереді. Тарихи оқиғаны арқау еткен және өткен шақ жағдаяттарын жанама баяндайтын әңгімеге бүгінгі һәм келешек оқырман аталған кіріспедегі көркемдік амалдар арқылы оп-оңай араласып кетеді. Өзара уақыт пен кеңістіктің алашақтығы білінбейді, ал автор осы көркемдік әдісті ары қарай ретардациялық баяндаудың аясында әңгіменің аяғына дейін ұстай алған.

Әңгіменің негізгі сюжеттік құрылысы бес бөлікке бөлініп, негізгі оқиғалар уақыт мөлшерін бұзбай (автордың айтқан жеті күніне), рет-ретімен

баяндалған. Бірінші бөлімдегі аға лейтенант Бураханның жұбайы Александрамен түскі ас үстінде әңгімелесуі – олардың отбасылық өмірлерінің ел қатарлы екенін көрсетеді. Алабөтен оқшау оқиғалар суреттелмеген. Сібірдегі жас казак офицерінің әйелі (олардың қосылғанына үш-төрт ай ғана болған) орыс қана емес, декабрист Н.М.Муравьевтар әулетінен әрі ғалым-тарихшы екені де оқырманға түсінікті болды. Бұл жайт әңгіменің деректілік жағынан да хабар беретіндей. Олардың арасында жұбайлық жұпқа адалдық пен бір-бірінің басына қиын күн туғанда көрінетін адамдығы сөз болғанда (Александраның әжесі декабрист күйеуінің артынан Байкалдың аржағына барған тұңғыш орыс әйелі екен) оқырман тарихи оқиғалардың баяндалуы мүмкін екенін сезгендей болды. Алайда, ас үстіндегі тұрмыстың алдамшы әңгімесі телефонның шырылымен бірге үзіліп, гарнизонға тез жетуді бұйырған кезекші офицердің «ЧП» деген сөзі – Бураханды жас жұбайының «бетінен сүйместен аттанып» кетуге мәжбүр еткен жоқ: кету керек болды. Екеуінің күнделікті өмір салтындағы тілдесулерінің өзі сол күні бір түрлі суық рең алғаны жақсылықтың нышаны емес еді. Гарнизон бастығы ереже мен тәртіпке сай қысқа-қысқа бұйрық беріп, «моральдық жағынан ұстамды бұйрықты бұлжытпай орындайтын» арнайы иттер мен тағы сондай жиырма шақты жас офицерді ұшаққа отырғызып, «қараңғы түн құшағында белгісіз бағытқа ұшырып жіберді». Офицерлер «негізгі бұйрықты аспанда» алады. Бұл сұмдық хабар Бураханды бастабында көп алаңдатпайды, артынан «қаракөлеңкеде арыстанша арпалысып жүрген өз қандас бауырлары екенін» білгенде ол психологиялық дағдарысқа тап болып, өз әрекеттерінің тығырыққа тірелгенін сезеді де жағымсыз күйге түседі. Ол гарнизонға «желтоқсанның ызғар қарыған ауасын қасқырша қауып» жүгіріп жеткенде бойында әлдебір долы күш қайнап жатқандай еді. Сол күшті жұмсайтын кездің келгеніне Бурахан барлық «арнайы» ішкі әскердің офицерлеріндей тастүйін дайын болатын. Ол «қанқасапқа» қойып кетіп, «өздері секілді өңшең өндіредей жастарды» қойша қырып, «бөрідей» жусатқанда, «әр жерде жаралы жандар.. қасқыр тартқан малдай» боп қалады. Бар тіршілігі малмен байланысты казак халқына «қасқыр мен бөрі» сөзінің тигізетін суық ызғары желтоқсанның желінен бір кем емес [2]. Автор осы сөздерді әңгіменің екінші бөлігінде қайта-қайта қолданғанда, оның ұлт танымына түсірер батпан салмағын арттырып, әрі желтоқсан оқиғасын бүгінгі оқырманның санасына бар сұмдық, суық көрінісімен сіңіріп жіберуді көздегендей. Осы арқылы «намыс» ұғымының не екенін Бураханның әрекеттері арқылы да ептеп көрсетеді. Тіпті, оқырманның өзі «Алаң бетін жапқан аппақ қар, көк мұз қанға шыланып, жасқа қатып қалды» деген сөздерді оқығанда жаны түршігіп, кеудесінде кек қайнағандай болады. Қардың «жаспен қатқаны» қасіретті сурет. Осыларды көзімен көріп «желтоқсаншылардың жазықсыз жүзі, жалғансыз сөзі ойын онға бөлген» Бурахан сол бір соңғы «күні жауынгерлердің жанына тығыла бергені...» ақыры жазалаусыз қалмайды. «Мұны байқап қалған Станислав деген офицер» оған ауыр-ауыр саяси айып тағады, офицерлік ар-ұжданының «солқылдақ» екенін бетіне басып, «ұлтшылсың» деп жер қылмақ болады, тіпті онымен қоймай әйелінің жеңіл жүрістерін де жайып салады. «Жүйке тамырлары сымдай тартылып, қан тамырлары солқылдап» кеткен Бурахан бұдан кейін ар азабының, жан азабының, ой азабының ащы азабын бір күн, бір түн тартады. Ақыры, кері

қайтып Александрмен кездескен сәтте сөздері салқын, бір түрлі қыршаңқы жат шыққанын өзі байқамаса да әйелі сезеді. Әңгіменің үшінші бөлігі осы бір психологиялық ахуалмен өрбіп, төртінші, бесінші бөлімі Бураханның, автор кіріспеде айтқандай «күтпеген жай», яғни – атылып өлуімен аяқталады.

Сол кездегі замандастары үшін әртүрлі жорамалға айналуы мүмкін Бурахан өлімі өмірде болған оқиғадан алынған тәрізді деуіміздің тағы бір себебі осы (Муравьевтардың аталуымен қоса айтқанда). Ал, әдеби пайымдауларға келсек, бәзбіреулер оны ұлтына жасаған «опасыздығы» үшін өлді деуі, кейбіреулер ағаштағы жіпке асылмақ боп, артынша атылып өлгені қалай деп бас қатыруы мүмкін. Александра да күйеуінің бұл жағдайға не үшін барғанын түбегейлі біле алмағанымен, күйеуінің арасындағы қиюы кеткен бір күн, бір түндегі әрі ләзаты, әрі қасіретті тілдесулер мен сүйісулер ешқайсысына да шыншыл көрінген жоқ. Бурахан оның Михаилмен «жамбастас» болғанын ойлағанда «жүрегі жылқының майын ішкендей кілкіп қоя берсе», Александра да «көз жасын тиып ала қойып», күйеуін «Діні қатты, қыпшақ!» деп іштей сөгіп салады. Байырғы декабристер тұқымы «ұлы орыстық» опасыз жүзін әйгілеп, Қазақстандағы желтоқсан оқиғасынан қайғы арқалап келген күйеуіне өзінің ащы сыбағасын аямай тартады. Ол – әңгіменің алғашқы бөлімінде айтылған жалған сөздердегі «бастарына екіталай күн туғанда» күйеуінің соңынан іздеп баратын қайраткер әйелдердің қатарынан болмай шықты. Ол, тіпті жұбайлық жұпқа да адалдық ете алмады. Ол – желтоқсан оқиғасын түсінгісі келмейтін, автор меңзеген жақсы мағынада емес «декабристер тұқымы» екен. Қызыл коммунизмді орнатқан, желтоқсанда қазақ жастарын қанға бөктерген декабристердің ұрпағы. Бураханның басына түскен тағдыр тәлкегінде әлдебір ұқсастықтардың болғаны қалай? (желтоқсан оқиғасын басып, жаншыған декабристер ұрпағы немесе солардың кесірінен өлген Бурахан.) Сондықтан сонда да Бураханға ендігі өмір түкке тұрмай қалады. Ол моральдық жағынан күйреп түседі. Ұлтына жасаған «опасыздығы», Станислав бетіне басқа «кешелігі», содан соң Александраның көрсеткен «адалдығы» оны «қайынның құбыла жағына арқасын тіреп қойып» мұсылманша, сосын офицерше (офицер асылып өлмеу керек, атылып өлу керек деп ойлағанындай) сібір орманында өзінөзі өлтіруге мәжбүр етеді [2]. Осы өлімнің бар құпиясы тек Станиславқа ғана жұмбақ болып қалмайды, оқырманға да авторлық ретардациялық (ретроспективті те болады) баяндау жан-жақты мәлім етеді.

«Сібір офицері» әңгімесінің қысқаша көркем мазмұны осындай. Ал, әңгіменің көркемдік шешімі мен негізгі сюжеті әрдайым әдеби де, ғылыми да, концептуальды, жеке және жалпы талдаудың үлесіне айналатыны рас. Осы тұрғыдан келгенде, «Сібір офицері» тарихи оқиғаны арқау еткен саяси бояуы бар көркем шығарма болғанымен, негізінен психологиялық әңгімеге келеді. Өйткені, әңгіменің көп бөлігі психологиялық жағдайларды суреттеген. Бас кейіпкер бойындағы екіге жарылған сезімдер, жан-дүниесіндегі арпалыстар, іштей тілдесулер, азаптар, тығырықтар, өкініштер һәм құмарлыққа берілген сәттер – «Сібір офицерінің» психологиялық әңгіме екеніне жеткілікті дәлелдер болуға тиіс. Бұған қоса Бураханның өлімге бел буған кезіндегі көңіл-күйлерін

автор көп ретте (кейбір) тікелей әрі жанама штрихтармен дәл жеткізуге тырысады. Мәселен, Бураханның «Қайыңды көгал» аталатын сібір орманындағы межеленген мекенге баруы; сол кездегі «күннің шырша бойы көтеріліп қалғаны»; шинелін шешіп, қайың маңының қарын тазалауы; ештеңені ойламауға тырысып, дем алып алуы; сонымен қатар, артынан іздеушілердің келіп қалуын да ескеріп, іске тездетіп кірісіп кетуі; тіпті осы сәтте де «ауру қалса да әдет қалмайды» дегендей әскери тәртіп бойына сіңірген ғадетпен «Шинелі жанына су жаңа кителі мен шалбарын, көйлегін әскери үлгімен бүктеп қойғаны» т.т оқиғаның шарықтау шегінде (өлімге байланысты) мейлінше қамтылып, мүмкіндігінше тәптіштей баяндалуы автордың өз сөзі екені рас. Алайда, ол өздері жалғандыққа жол бермегенімен, әңгіменің шешімі аса қайғылы болса да, әлдебір оқырманның мынадай сұрақ қоюына тиым сала алмайды: «Бурахан 1986 жылғы желтоқсанда қазақ жастарын қынадай қырған, онымен қоймай жеке өмірін тас-талқан еткен, өзінің намысына, арына, керек болса ұлтына тіл тигізген Станиславты өлтіріп барып неге өлмеді. Әйтеуір өлімі таңдаған екен желтоқсанда қанға боялға қазақ жастарының кегін қайтарып өлу керек еді!» деп. Әрине, бұл романтикалық ситуацияны сүйетін адамдарға тән мінез дейік. Әңгіме деректі оқиғадан алынған шығар, оған басқа шешім жасауды автор керек етпегенде болар т.т десек те шығармаға өзгеше шешім керек еді (керек болса қаһармандық финал). Шүріппені иектің астына тіреп тұрып басып қалғанды, адам әрине «бір қырындап сылқ ете түседі». Біз бұған неге қанағаттануымыз керек? Бұған қарсы екінші бір пікір былай болуы да ықтимал. Автор осынау желтоқсан оқиғасына кінәлі адамдар тек сібір офицерлері ғана емес дегенді де тұспалдап отыр. Кейіпкер өзін-өзі атты, ал тұзақ салақтап әлі тұр. Оған Станиславты, Александраны, оның ашнасы Михаилды да іле салуға болар еді. Біз де, авторда оған қанағаттанбаймыз десін. Өйткені, әңгіменің прологы сияқты философиялық (саяси да) эпилогі де бар емес пе? Ол: «.. Қайың бұтағында салбыраған доғал тұзақ бос тербеледі. Аспақ әлдебір пендені күтетін сыңайлы» деген. Тіпті, уақыттар өтер, жылдар үздіксіз жылжыр, бірақ «Сібір офицеріндегі» оқиғаға, Бураханның өліміне («Пропискадағы» Архаттың белгісіз тағдырына да) әйтеуір біреулер айыпты болуға тиіс. Сондықтан да «аспақ» әлі тұр [2].

Қазіргі проза жанрында, қарқынды дами қоймаған желтоқсан тақырыбы қалам тербеуі, өзінің оқырман қатарын толықтыру, сұранысқа ие болу мақсатында емес, қоғамымызда әлі күнге дейін жете қарастырылып, толық бағасын алмаған, не сан ғасырлардан бері шешімін таппаған – ұлт тағдыры, рух болмысы, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ата тарих алдындағы қарыз бен парыз сынды әлеуметтік категориялардың бұлқыныспен ортаға шығуы, «айтылмаса, сөздің атасы өледі», - демекші айтылмаса болмайтын, ұлт үшін маңызды желтоқсан мәселелері көркем проза түрінде бағаланса керек. Л.Толстой «жазбауға шыдай алмағанда жаз» дегеніндей, ұлт қаламгерлерінің де бұл тақырыпта кең көлемді туынды жазбауына мүмкіндігі қалмағанда жазылған туындылар іспетті... [3].

«Сібір офицері» желтоқсан оқиғасын осындай қырымен кеп суреттеген А.Алтайдың бұл тақырыптағы екінші шығармасы. Оның біз сөз қылған көптеген

көркемдік жақтарымен қоса, бір жетістігі бар – әлгі аталған «қайшылық» тудыратын көркемдік шешімі. Ойға қалдыратын, оқырманды да «ойландыратын» тұсы. Тіпті, әрбір оқушы осы әңгімеден әртүрлі ой түюге қақысы бар. Мұнда тек тарихи хроникалық оқиғалар ғана емес, соның қабаттарындағы кісілік келбеттер, жақсы-жаман мінездер, адами қарымқатынастар, пенделіктер, талғам мен танымдар, қателіктер мен өкініштер, өшпенділік пен күншілдіктер, махаббат пен қасіреттер, сосын да адамзат көп ұшырайтын рухани тығырықтар сияқты ақиқат өмірдің көптеген болмыс шындықтары өрнектелген. Міне, осылардың өзінен ненің ақ, ненің қара екенін ажыратып, өз өмірлерінде қателікке тап болмауды басты мүдделері санайтын адам баласы, нақты айтқанда осы әңгіменің оқырманы көптеген жайттарға көз жеткізеді. Бұл дегеніміз – оқырманға аз олжа емес және авторға да. Ал, рухани дүниенің негізгі, әрі көптеген мақсат-міндеттерінің бірі осы болуға тиіс десек, Асқар Алтайдың «Сібір офицері» атты әңгімесі бұған толымды жауап беретін, сосын манағы біз санамалаған жалпы болмысқа сай шығармасы деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Желтоқсан. Жинақ. 3 томдық. Құр.: Т.Айтбайұлы. Алматы, 2006.
2. Алтай А. Сібір офицері // Қазақ әдебиеті. 12 қараша. 2004.
3. Балтабаева Г. Қазақ прозасындағы желтоқсан тақырыбы // ҚазМемҚызПУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2009. №3.